

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1264. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.19. N 1660 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 U952198_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) Заң күші бар Жарлықтарын, сондай-ақ "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңын атқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 P961405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1996 ж., N 47, 457-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы ережеде:

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бюджеттің қаражатынан қаржыландырылатын құрылған мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жай (пәтер) иелері кооперативтерін олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған бір есепті көрсеткіштің мөлшерінде алынады.

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған есепті көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде алынады.

Өзге де заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған есепті көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшерінде алынады.

7. Бюджеттің есебінен қаржыландырылатын мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтерін, олардың

филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым Ереженің 6-тармағының бірінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым Ереженің 6-тармағының екінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

Өзге де заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым Ереженің 6-тармағының үшінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі